



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛАРДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Омарова Бибижан Асылловна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
заң факультетінің 1 курс студенті
Қазақстан, Астана

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Қалтаева А.Т.

Біз «отбасы» дегенде, қиялымызда тамаша сурет елестейді: атасы, әжесі, әкесі, анасы, балалары, немерелері. Олар бақуатты, барлығының көңіл-күйі жақсы әрі бақытты. Бірақ шынайы өмірдің қуанышы мен қиындығы да аз емес. Қоғамда толық отбасылармен қатар, толық емес отбасылары да бар екені жанымызды ауыртады. Сондықтан да, біз мақалада толық емес отбасы мәселелеріне тоқталмақпыз.

Толық емес отбасы дегеніміз не? Толық емес отбасы – бір немесе бірнеше кәмелетке толмаған балалары бар бір ғана ата-анадан тұратын жақын туысқандар тобы.

Бүкіл дүние жүзінде толық емес отбасылар санының көбеюі үрдісі байқалады. Мысалы, Францияда бұл көрсеткіш 13%, Канадада – 18%, Ұлыбританияда – 19%, АҚШ-та 25% құрап отыр. Америка халқының төрттен бір бөлігі толық емес отбасыларында тұрады. Ал енді біздің статистикаға жүгінсек, Қазақстанда бір ғана ата-анасының қамқорлығында өмір сүріп жатқан отбасылар жетіп артылады. Деректерге сәйкес, 2009 жылғы соңғы халық санағының нәтижесі бойынша Қазақстанда 3,5 млн. отбасы тіркелген, оның 445 мыңы толық емес отбасы. 2010 жылы балалардың 20 % некеден тыс туылған, және жылдан жылға олардың санының көбеюі үрдісі байқалады.

Толық емес отбасылар түрлі себептер салдарынан пайда болады:

- некеден тыс баланың туылуы,
- ата-анасының біреуінің қайтыс болуы,
- некені бұзу немесе ата-аналардың бөлек тұруы№

Сәйкесінше толық емес отбасылардың негізгі түрлері көрініс табады:

- некесіз,
- жетім қалған,
- ажырасқан,
- тарап кеткен.

Сондай-ақ, әкелік және аналық отбасыларын да бөліп қарап жатады. Соңғылары толық емес отбасылардың басым бөлігін құрайды. Аналық отбасылардың көп болғандығына қарамастан, қазірде жалғыз басты әкелердің саны да артып келеді. Мысалыға, Петропавл қаласында жалғыз басты әкелер клубы жұмыс жасайды. Сонымен қатар, қамқоршылардың біреуінің балаларды асырап алу үрдісі байқалады.

Толық емес отбасылардың өзгешелігі неде?

Біріншіден, бұл жалғыз басты ата-ананың қолы бос болмауы салдарынан, өз балаларын құнды тәрбиемен және материалдық жағдаймен толық мөлшерде қамтамасыз ете алмауынан туындайтын материалдық қиындықтар. Тіпті қамтамасыз етілген жалғыз ата-анаға педагогикалық мәселелермен айналысу да оңай емес, себебі ата-анасының біреуінің жоқтығынан бала өз жынысының мінез-құлық стереотипін толық қалыптастыру мүмкіндігінен айырылады. Психиатрияда «әкесі/анасы болмаған жағдайда» деген термин де бар. Осылайша, әкесі жоқ ер бала еркекке тән мінез-құлық, жүріс-тұрыс ерекшеліктерінен үлгі алу мүмкіндігінен шектеледі, соған байланысты еріксіз әйел сипатынан үлгі алады. Мұндай жағдайда, қыз бала үшін де, анасы өзінің аналық және әкелік рөлін қатар алып жүруге мәжбүр.

«Статистикаға сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанда бір баласы бар отбасылардың саны шамамен 600 мың, екі баласы бар – шамамен 452 мың,

үш баласы бар – шамамен 300 мыңнан астам.

Сонымен қатар 72 мың бала некеден тыс туылған, жалғызбасты аналардың саны 400 мыңнан астам, ал жалғызбасты әкелердің саны 68 мыңнан астам.

Тек бір анасымен 350 (15,1%) мың бала,

тек әкесімен 150 (6,4%) мыңға жуық бала тұрып жатыр» [1].

Толық емес отбасылардың пайда болу себептерін жан-жақты қарауға көшейік.

Жетім қалған отбасы – отбасы мүшелерінің бірінің қайтыс болуына байланысты орын алған жағдай. Жарынан айрылғаннан кейін, екінші рет некелесу өте сирек кездеседі. Некелескеннің өзінде ажырасу ықтималдығының жиілігі әлемдік статистика нәтижелері бойынша, 60 %-ды құрайды.

Егер жесірлікті баланың некесіз туылуымен салыстыратын болсақ, екінші жағдайда ата-ананың екеуі де тірі, демек, материалдық-тұрмыстық және педагогикалық мәселелерді шешуге көмектесетін жағдайлары бар.

Қоғамдағы тағы бір кездесетін жәйт, ата-ананың біреуінің биологиялық балалары бола алмай, баланы асырап алатын отбасы да толық емес болып есептеледі. Негізінен, мұндай әрекетті ауқатты адам жасайды, алайда, бұл жерде бір ата-ана толыққанды тәрбие бере алмайды деген мәселе туындайды.

Ажырасқан немесе ата-аналарының бөлек тұруына байланысты толық емес отбасы пайда болады, бірақ жауапкершілік жартылай бөлінген болса да, ол толыққанды орындала бермейді, сондықтан алименттер төлеу проблемасы туындайды. Алимент жылдар бойы төленбейтін жағдайлар көптеп орын алуда. Бұл толық емес отбасы «ата-анасыз» диагнозын құрайды, себебі баланың өмірінде жалғыз ғана ата-ана отбасының иесі болып қалады.

Нәтижесінде, отбасында шиеленіс пайда болады, себебі үйлесімді отбасын құру үшін ұжымдық міндетті бір ғана адамның орындауы қиынға соғады. Толық емес отбасының психологиялық ахуалы көбінесе ата-анасының біреуін жоғалту салдарынан туындайтын күйзелістермен анықталады. Толық емес отбасылардың көбісі әкенің кетуі себебінен пайда болады. Анасы көбінесе күйеуіне деген ашуын жасыра алмайды; оның ашуы мен наразылығы көбіне олардың ортақ баласына еріксіз проекцияланады. Сонымен қатар, анасы жесірлігімді білдірмеймін деп, ата-ананың қамқорлығын асыра орындауға тырысып, балаға шексіз махаббат пен қамқорлық жасауға ұмтылады. Осындай жағдайлардың барлығында отбасының тәрбиелік атмосферасы бұзылып, баланың тұлға болып қалыптасуына теріс әсерін тигізеді.

Осылайша, балаларда ғана емес, ажырасқан отбасылардың ата-аналарында да психологиялық проблемалар пайда болады.

Біріншіден, бұл ата-анасы ажырасқаннан кейін балада пайда болатын қысымшылық пен өзін өзгеден кем сезінуінің нәтижесінде пайда болатын ашу-ыза. Олар осының бәріне өздерін кінәлі деп сезінеді.

Екіншіден, көбінесе әйел адамдарда аса қамқорлықтан туындайтын, балалардың алдында өздерін кінәлі сезінуі (өйткені, көбіне толық емес отбасыларда балаларды жалғыз тәрбиелейтін аналар). Жағдайы жақсы отбасылардың балаларымен салыстырғанда өз балаларының өмірлік стандарттарының төмендеуіне жол бермеуге тырысып, анасы өзіне үлкен жүк артады, алайда уақыттың тым тапшылығына орай, оларға жеткілікті уақыт пен көңіл бөле алмайды. Жанұяның бұзылуына кінәлі бұрынғы жұбайына деген ашуы тарқамай, әйел адам өз балаларына мейірімсіздік көрсететін жағдайлар да аз емес. Қалай болғанда да, отбасында психологиялық жағымды ахуал қалыптаспайды.

Жағдайдың ең қиыны – балалардың болашақтағы жыныстық рөлдерінің дұрыс дамуы, өмірге деген көзқарасының бұрмаланбауы. Бала өзінің мінез-құлқын ең алдымен ата-аналарына қарап, яғни үлкендерге қарап қалыптастырады. Әкесі балаларын жалғыз тәрбиелейтін отбасылар, аналар балаларын жалғыз тәрбиелейтін отбасылардан тым аз болса да, жыныстық-рөлдік көзқарас проблемалары оларға да тән. Бұдан басқа, балалы әкенің, балалы анамен салыстырғанда жаңа жанұя құру мүмкіндігі көбірек. Осылайша, осындай

жанұялардағы проблемалардың бірі – бала (балалар) мен әкесінің жаңа жұбайының (мүмкін оның балаларымен) арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру.

Қазақстанда 2016 жылы ресми түрде 39 257 ажырасу, ал 2017 жылы 41 617 тіркелген, шамамен әрбір үшінші жаңадан құрылған отбасы бұзылады. Отбасының бұзылуы қазіргі заманғы қоғамның проблемасы болып табылады. Жүргізілген бірнеше зерттеулердің нәтижесінде кішкентай бүлдіршін үшін, ата-анасының ажырасуы салдарынан психологиялық зардап шегетіні анықталды. Зерттеу көрсетіп отырғандай, ерлі-зайыптылардың арасындағы туындаған кикілжіңдердің салдарынан балалар депрессияға ұшырайды және дамуының артта қалуына бейімді болып келеді. Осылайша, ажырасу фактісі баланы ауыр психологиялық салдарларға душар етеді.

Статистикалық зерттеулер көрсетіп отырғандай, аталған себептерге байланысты толық отбасы балаларымен салыстырғанда, толық емес отбасы балалары мектепте үлгерімі төменірек, невротикалық күйзелістер мен тәртіп бұзушылыққа бейім.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, қазақстандық қоғамдағы толық емес отбасылардағы ең өткір мәселелер қатарын атап өтуге болады:

- материалдық-тұрмыстық: жалғыз ата-ана өзінің жағдайына байланысты өзі үшін де, бала (немесе балалар) үшін де жұмыс жасауы қажет;

- жұмысқа орналастыру мәселесі: бұл мәселенің шешімі, жалғыз басты ата-анаға жақсы жалақы төленетін жұмыстың қажеттігі, үйге жақын болуы, еркін кестеге ие болу мүмкіндігі және т.б. байланысты қиындатылуда;

- баспаналық: барлық толық емес анасы ғана бар отбасыларда туындауы мүмкін, әсіресе баспанасының бөліске түсуі кезінде;

• отбасылық өмір тәжірибесінің жоқтығы;

• балаларды тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру мәселесі: толық емес анасы ғана бар отбасы тұтас үйлесімді қарым-қатынастар жүйесіне ие болмайды, отбасы мүшелерінің екі тобы – материалдық және рухани қолдауды қажет ететіндер, және соны қамтамасыз ететіндер арасында теңгерімсіздік пайда болады.

• жаңа отбасы құру мәселесі: өткен өмірлік тәжірибе жаңа отбасы құруға кедергі келтіреді;

• балалар мәселесі: ата-ананың біреуінің жоқтығы, сондай-ақ ерлі-зайыптық қатынас қалыптасып келе жатқан құндылықтар жүйесіне айтарлықтай әсер етеді.

Пайдаланған әдебиет:

Нукетаева Д. Заманауи қоғамдағы толық емес отбасы мәселелері // <http://www.otbasym.kz/news/kultura/2018-03-07/scientist-serik>

УДҚ 347.78.01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУЫ

Рүстем Ақбота

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ –нің Заң факультеті 05030100 «Құқықтану»

мамандығының

3-ші курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Азаматтық және экологиялық

құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Абильдинова Р.А.

Авторлық құқық XVIII-XIX ғасырларда кейбір еуропалық мемлекеттерде пайда болып, бүгін бүкіл дүние жүзіне таралған. Баспагерлердің құқығын қорғау әдісінен ол әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамудың мықты факторына айналған. Мемлекетіміз автордың жеке құқықтарын қорғауға жағдай жасай отырып және де туындылардың пайдаланылғаны